

"Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 790 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1460 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 51, 683-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 20-1), 20-2), 20-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«20-1) Кеден одағына мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда статистикасын қалыптастырады және жүргізеді;

20-2) мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесін бекітеді;

20-3) ведомстволық жіктелімдерді жүргізудің үлгілік әдістемесін бекітеді;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*